

**Қамзабек Ұлпан,
№ 48 мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы**



Елбасы деген кім? Елбасы дегеніміз – туған жеріне деген жауапкершілікті өз мойнына алған адам. Ондай адам елінде болатын қиындықтарды алдын ала болжап, мәселені шешетін амалды тез ойластыра білуі керек. Жауапкершілікті өз мойнына алған Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев еліміздің, жеріміздің, елордамыздың дамуы үшін көптеген батыл қадамдар жасаған кісі. Оның арқасында бүгінгі таңда Қазақстан – жан-жақты қарқынды дамыған ел. Еліміздің бірітіндеп қадам басып келе жатқанына көп уақыт болып қалды. Осы қас-қағым уақыт ішінде біз үлкен жетістіктерге жеттік. Ол жетістіктердің жемісті нәтижелерінің бірі елордамыз Астананың күннен күнге құлпырып келе жатқаны.

Қазір елордамызда биік ғимараттар мен зәулім үйлер бірінен соң бірі салынууда. Шынымен де, елордамыз – еліміздің нағыз келбеті. Астананың бұрынғысы мен бүгінгісін салыстырғанда әжептеуір айырмашылықты байқауға болады, мұндай айырмашылықты байқамай қалу мүмкін емес. Осы күнге дейін елорда басынан көп өзгерістерді кешті, елордамен қоса еліміз де қиыншылықтарға тап болған. Десек те, Қазақстан Республикасы тез дамып келе жатқан экономикасы бар, дамыту үстіндегі әлем таныған мемлекетке айналды. Осының бәріне Елбасымыздың қосқан үлесі зор.

Астана атауының шығу тарихына тоқталайық. Жалпы, «Астана» сөзі мемлекеттің саяси, әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы деген мағынаны білдіреді. Яғни, Астана – ұлттық бірлікті білдіретін бас қала. Еліміздің астанасы Алматыдан Ақмолаға көшірілгенде, Ақмола атын өзгерту керек болды. Елордаға жаңа ат берілу кезінде көптеген атаулар қарастырылды, арасында «Нұрсұлтан», «Есіл» деген ұсыныстар кездесетін, тіпті астананы өз еліміздің атымен атайық деушілер де болған. Мұның бәрі Елбасымызды күндіз де, түнде де ойлануға салды. Оның қатты ойланғаны соншалық, қазіргі «Астана» атауы есіне түннің бір уақытында түскен. Шынымен де, бұл сөз барлық тілдерде жақсы айтылады, құлаққа жағымды, әдемі естілетін сөз ғой. Осылайша астанамыз Астана болады деген шешім қабылданды. Қазіргі таңда Астана бүкіл әлемді назарына алып отыр. Соған байланысты елімізге қызығушылар саны аз емес екені сөзсіз. Еліміздің де, елордамыздың да экономикасы да, өзі де дамып келе жатқанына Елбасымызға мың да бір рахмет. Н.Ә.Назарбаевтың арқасында еліміз алдыңғы қатарлы елдердің құрамына кірді. Болашақта еліміз сол алдыңғы қатарлы елдердің ең алдында орын алады деп үміттенемін, үмітімнен қол үзбеймін.

Жазған өлең шумақтарымды елордама арнаймын:
Қазақстан – атамекен, Отаным

[Введите текст]

Байтақ елде аунап-қунап жатамын.
Далам, қалам, тауым, суым, орманым –
Қасиетім, арым, сырым, арманым!

Әлем, міне, «Қазақ ел!» деп мақтаған
Елдікті ұстап, әрқашан да сақтаған.
Тәуелсіздік он алты асу, алда сан жыл тосады,
Қазақстан зор бәйгеге өз жастарын қосады!

Мақтан тұтам дара туған Астанам,
Қандай сұлу, ғажап едің, бас қалам!
Елбасының арманынан жаралған,
Мәңгі жаса, гүлжазира, асқар ән!

Астанам, жайнай берші күннен-күнге,
Қона берсін көбелек гүлден-гүлге.
Шаттық көңіл сыйлаған, нұрын берген,
Астанам жаралғансың керімдерден!